

НОРВЕГИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ РЕЙТИНГІ

Норвегияның зейнетақы жүйесі Melbourne Mercer Global Pension Index 2019 рэнкингінде 6-шы орында тұр, оған сәйкес әлем елдерінің зейнетақы жүйелері адекваттылық, тұрақтылық (sustainability) және мінсіздік (integrity) өлшемшарттары бойынша салыстырылады.

МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Норвегияның мемлекеттік сақтандыру жүйесі (National Insurance Scheme Norway) мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады (PAYG тарату түрі). Жүйе Еңбек және әлеуметтік мәселелер министрлігінің бөлігі болып табылатын Норвегияның Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру Әкімшілігінің (бұдан әрі – NAV) басқаруында болады. NAV жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, мүгедектігі бойынша, ауруы бойынша, уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша (жұмысқа шектеулермен), баланың тууы мен күтімі және т.б. бойынша әлеуметтік төлемдерді жүзеге асырады, олардың көлемі мемлекеттік бюджеттің үштен бірін құрайды.

Мемлекеттік сақтандыру жүйесі 1967 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілді.

МІНДЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- ❖ Норвегия аумағында жұмыс істейтін барлық тұлғалар;
- ❖ тұрақты тұратын Норвегия тұрғындары. Норвегияда кемінде 12 ай тұратын (немесе кемінде 12 ай тұруға ресми ниеті бар) адамдар Норвегияның тұрақты тұратын тұрғындары деп есептеледі.
- ❖ шетелде жұмыс істейтін азаматтардың белгілі бір санаттары.

Міндетті сақтандыру жүйесінен шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның қызметкерлері болып табылатын шетел азаматтары, сондай-ақ басқа да ерекше санаттағы (зейнетақыны шетелден алатын және т. б.) адамдар шығарылады. Шетелде жұмыс істеу немесе ұзақ мерзімде (бір жылдан артық) болу мемлекеттік сақтандыру жүйесіне мүшелікті тоқтатуға әкелуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген ережелерге сәйкес сақтандырылмаған тұлғалар белгілі бір шарттар сақталған жағдайда өзін ерікті сақтандырумен сақтандыра алады.

МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАРНАЛАР МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

Мемлекеттік сақтандыру жүйесі қызметкерлердің, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың және басқа да қатысушылардың жарналары, жұмыс берушілердің жарналары және мемлекеттен бөлінетін жарналар есебінен қаржыландырылады. Жарналардың мөлшерін Парламент айқындайды.

- жалдау бойынша қызметкерлер үшін – 8.2 %;
- өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін – 11.4%;
- зейнеткерлер үшін – 5.1%

Жұмыс берушінің жарнасы төленген жалақының белгілі бір %-ін құрайды. Жұмыс берушілердің жарналары жұмыс берушінің ұйымы орналасқан өңірге қатысты сараланады. Географиялық жағдайына және экономикалық даму деңгейіне байланысты 5 аймаққа жіктеледі. Бұл аймақтардағы жұмыс берушілердің жарна ставкалары 0.0% - дан 14.1%-ге дейін өзгереді.

Жұмыс берушіден 12.5% мөлшеріндегі қосымша жарна базалық сомадан 16 есе асатын жалақыдан аударылады.

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Зейнетақыны сақтандыру жүйесі, мәні бойынша тарату үлгісіндегі жүйе болып табылады, яғни мемлекеттік зейнетақы ағымдағы салық түсімдері, бірақ белгіленген жарналары мен шартты-жинақтаушы шоттары бар түсімдер есебінен қаржыландырылады. Бұл ретте NAV жүйенің әрбір қатысушысы бойынша жарна тарихының есебін жүргізеді. Жарналар мен төлемдер үкімет бюджетінің ажырамас бөлігі болып табылады, тапшылық басқа салықтармен және Норвегияның мемлекеттік зейнетақы қорынан бөлінетін жыл сайынғы транштармен жабылады. Оның орнына зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қарастыру үшін Норвегияда жалпы мемлекеттік шығыстардың қаржылық тұрақтылығын қарастыру дәстүрі бар.

Зейнетақы жинақтары (жарғылық капитал) 13-тен 75 жасқа дейінгі әрбір жұмыс істеген жыл үшін жылдық табыстың 18,1% мөлшерінде жеке шартты-жинақтаушы шоттарға есептеледі. Шартты жинақтарды индексстеу еліміздегі орташа жалақының өсуіне қарай жүреді.

Ауру, ана болу, мүгедектік және жұмыссыздық жағдайы бойынша жәрдемақылар тұрақты табыс ретінде ескеріледі (зейнетақы құқықтарын есептеу жүргізіледі). Сондай-ақ жалғыз басты ата-аналар, кішкентай балалары бар отбасылар және әскери қызметтің шақырылушылары үшін жеңілдіктерге де қатысты болмақ.

***Анықтама:** 2018 жылы мемлекеттік сақтандыру жүйесінің жалпы шығыстары 464 052 млн. норвегиялық кронды құрады. Бұл сома мемлекеттің жалпы бюджеті мен мемлекеттік сақтандыру бюджетінің шамамен 35.8%-ын және ЖІӨ-нің шамамен 13,1%-ын құрады. Мемлекеттік сақтандыру жүйесіне мемлекеттік гранттар 2017 жылы 134 936 млн. норвегиялық кронды құрады, бұл мемлекеттік сақтандыру жүйесінің жалпы шығыстарының шамамен 29,1%-ын құрады.*

МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУ

Мемлекеттік сақтандыру жүйесінен төлемдерге толық зейнетақы құқығын алу үшін 40 жыл бойы осы жүйенің мүшесі болу қажет.

Жұмыс өтілі жоқ адамдар үшін ең төменгі зейнетақы:

Норвегияда 16 жастан бастап кем дегенде 40 жасқа дейін тұрған адам 67 жастан бастап ең төменгі (толық базалық зейнетақы) сәйкес келетін зейнетақы төлеміне құқылы. Егер сақтандыру кезеңі қысқа болса, онда базалық зейнетақы мөлшері соған барабар азаяды.

Зейнеткерлікке шығу жасы және зейнетақы төлемдері:

Норвегияда зейнетке шығудың икемді жасы 62-ден 75 жасқа дейін (орташа алғанда бұл 67 жас) болғандықтан, адам зейнетке шығудың жасын, төлем мөлшері мен еңбек қызметінің ұзақтығын өзі анықтауға құқылы. Жүйе зейнетақы алатын болса да, адамның өзі қалағандай еңбек қызметін жалғастыруына мүмкіндік береді. Өз қалауыңыз бойынша жұмыс жасап, зейнетақы алуыңызға болады. Мысалы, мұндай тіркесім бар: жұмыстың 80%-ы және зейнетақы төлемінің 40%-ы. Яғни, адам толық емес жұмыс күнін жалғастыра алады және зейнетақының бір бөлігін ала алады, немесе ол жұмыс істемей, толық зейнетақы ала алады. Комбинация нұсқалары шексіз. Егер адам зейнетақы төлемдерін алуды бастағаннан кейін де жұмысын жалғастырса, ол жарналарды аударуды жалғастырады және осылайша өзінің қосымша зейнетақы құқықтарын табуды жалғастырады.



67 жасқа дейін зейнетақыны алу үшін қатысушы зейнетақы құқықтарының белгілі бір санына ие болуы тиіс: зейнетақы ең төменгі зейнетақыға тең болуы немесе одан асуы тиіс. Демек, барлығы бірдей 67 жасқа толғанға дейін зейнеткерлікке шығу құқығына ие бола бермейді. 67 жасқа толғаннан бастап барлығы, тіпті ешқашан жұмыс істемеген адамдар да зейнетақы ала алады.

Зейнетақы алу құқығы туындаған сәтте зейнетақы капиталы (шартты) ескеріле отырып, зейнетақы есептеледі. Зейнетақы капиталы аннуитетті факторға бөлу арқылы жылдық зейнетақыға айырбасталады. Аннуитетті фактор зейнеткерлікке шыққаннан кейін болжамды өмір сүру ұзақтығын көрсетеді.

НОРВЕГИЯ МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ (GOVERNMENT PENSION FUND)

Норвегияның мемлекеттік зейнетақы қоры (Government pension fund, МЗҚ) мемлекетке тиесілі, осыған байланысты оның меншік иесі Норвегия Парламенті (Стортинг) болып табылады. МЗҚ-ның мақсаты мұнай кірістерін ұзақ мерзімді пайдалану, сондай-ақ Ұлттық сақтандыру жүйесі бойынша зейнетақы міндеттемелерін қаржыландыру үшін жинақтарды қалыптастыру болып табылады.


Норвегия Қаржы министрлігі Норвегияның Мемлекеттік зейнетақы қорын басқару үшін жалпы жауапкершілікте болады. МЗҚ құрамына «Глобальный» Мемлекеттік зейнетақы қоры (GPFГ) және «Норвегия» Мемлекеттік зейнетақы қоры (GPFN) кіреді. Екі құрамды жедел басқаруды Қаржы министрлігінің мандаты негізінде Норвег Банкі (Norges Bank) және «Folketrygdfondet» компаниясы жүзеге асырады.



МЗҚ елдің бюджеттік жүйесіне толығымен интеграцияланған. Бұл ретте МЗҚ өздігінен жеке заңды тұлға болып табылмайды, ал оның екі құрамдас қорларының әрқайсысы Норвегия банкінде және норвегиялық крондарда номинацияланған «Folketrygdfondet» компаниясында Норвегия Қаржы министрлігінің ақша қаражатын есепке алу бойынша жеке шоттарды (депозиттерді) білдіреді. Көрсетілген шоттарда орналастырылған қаражат сомасы әрбір қордың инвестициялық портфельдерінің таза құнына баламалы.


Қордың қаражатын ұзақ мерзімді *стратегиялық басқаруды* үкіметтің ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін көрсете отырып, норвег қорының инвестициялық стратегиясының негізгі параметрлерін құратын және бекітетін Норвегияның Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

МЗҚ-ның мақсаты мұнай кірістерін ұзақ мерзімді пайдалану, сондай-ақ Ұлттық сақтандыру жүйесі бойынша зейнетақы міндеттемелерін қаржыландыру үшін жинақтарды қалыптастыру болып табылады.



Анықтама: 2019 жылдың 1 шілдесінде МЗҚ активтерінің жалпы сомасы 9,414 млрд. норвегиялық кронды (1 020 млрд. АҚШ доллары) құрады. «Глобальный» МЗҚ-ның үлесіне МЗҚ-ның барлық активтерінің 97%-ы келеді.

1996 жылдан бастап 2019 жылдың маусымына дейінгі МЗҚ активтерінің динамикасы, норвег крондарымен млрд-та



«ГЛОБАЛЬНЫЙ» МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ (GOVERNMENT PENSION FUND GLOBAL)

«Глобальный» Мемлекеттік зейнетақы қоры («Глобальный» МЗҚ) - кейіннен оларды халықаралық активтерге инвестициялай отырып, Норвегияның мұнай өнеркәсібінің үстеме кірістері аударылатын қор. «Глобальный» МЗҚ 1990 жылы норвегиялық экономикаға мұнай кірістерін кезең-кезеңмен енгізуге ұзақ мерзімді дайындық жасау мақсатында құрылды. Қорды ұзақ мерзімді, ұтымды басқару қазіргі және болашақ ұрпақтың Норвегияның мұнай байлығынан пайда табуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Өзінің жұмыс істеген уақытында «Глобальный» МЗҚ бірнеше елдерде активтері бар шағын инвестордан әлемдегі ең ірі ұлттық әл-ауқат қорына дейін дамыды. «Глобальный» МЗҚ бүкіл әлем бойынша мыңдаған компанияға инвестициялайды және әлемдік биржада тіркелген барлық ірі компаниялардың шамамен 1,5%-ын иеленеді.

«Глобальный» МЗҚ 2006 жылы атауын өзгертті, ал бұған дейін Мемлекеттік мұнай қоры (Government Petroleum Fund of Norway) деп аталды. Қор әдеттегідей мұнай қоры деп аталады. Шындығында бұл зейнетақы қоры емес, өйткені зейнетақы жарналары емес, мұнай табыстарының негізінде қалыптасады. Бұдан басқа, Қордың ресми зейнетақы міндеттемелері жоқ. Үкімет қаражаттың болашақ зейнетақы шығындарын жабу үшін пайдаланылуы мүмкін, ал қордан үлкен алып қою ықтималдығы шектеулі болатынына қатысты ешқандай саяси шешім қабылдаған жоқ. Бұл қорды шынымен ұзақ мерзімді етеді.

Қор Норвегияның жылдық мемлекеттік бюджетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Үкімет бюджет тапшылығын жабу үшін Қор қаражаттын пайдалана алады, бірақ «Глобальный» МЗҚ-дан транштың ең жоғары сомасы оның активтері құнының 4%-ынан аспауы тиіс. «Глобальный» МЗҚ-дан қаражатты алудың мұндай мөлшері Қордың нақты инвестициялық кіріс деңгейіне сәйкес келеді деп болжануда.

«НОРВЕГИЯ» МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ (GOVERNMENT PENSION FUND NORWAY)

«Норвегия» Мемлекеттік зейнетақы қорын («Норвегия» МЗҚ) - Қаржы министрлігінің мандатына сәйкес арнайы құрылған «Folketrygdfondet» мемлекеттік компаниясы басқарады. «Норвегия» МЗҚ Ұлттық сақтандыру туралы Заңға сәйкес Ұлттық сақтандыру жүйесінің қоры (National Insurance Scheme Fund) деген атаумен 1967 жылы құрылды. Атауы 2006 жылдың 1 қаңтарында «Глобальный» МЗҚ-ның қайта аталуымен бір мезгілде өзгертілді.

«Норвегия» МЗҚ-ның базалық капиталы 1967 жылы енгізілгеннен бастап және 1970 жылдардың соңына дейін Ұлттық сақтандыру жүйесінде пайда болған профицит есебінен қалыптасқан. «Норвегия» МЗҚ-ның инвестициялық кірістері тұрақты негізде капиталға айналады. 1979 жылдан бастап «Норвегия» МЗҚ «жабық» қор болып табылады, яғни оған ешқандай жаңа қаражат түспейді. Сонымен қатар осы қор мен «Глобальный» МЗҚ арасындағы сияқты осы қор мен ел бюджеті арасында ешқандай трансферттер жоқ.

«Норвегия» МЗҚ болашақта Ұлттық сақтандыру жүйесінің шығыстарын қаржыландыру үшін мемлекеттік жинақтарды қалыптастыруға арналған.

«Норвегия» МЗҚ, сондай-ақ «Глобальный» МЗҚ-ны басқарудың басты мақсаты тәуекелдің орташа деңгейін ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада нақты табыстылықтың барынша мүмкін болатын деңгейін алу болып табылады. Алайда көп жағдайда Норвегияны зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған «Норвегия» қорының функцияларына байланысты екі қордың арасында инвестициялық стратегияларда айырмашылықтар бар.

«Глобальный» МЗҚ және «Норвегия» МЗҚ үшін инвестициялық стратегияларды Норвегия Қаржы министрлігі айқындайды. Бенчмаркқа сәйкес «Глобальный» МЗҚ үшін активтердің 70%-ы акцияға орналастырылуы тиіс. «Норвегия» МЗҚ үшін акцияларға орналастыру үлесі 60%-ды, тіркелген табыстылығы бар құралдарға орналастыру үлесі 40%-ды құрайды, бұл ретте инвестициялардың 85%-ы Норвегияға және 15%-ы Данияға, Финляндияға және Швецияға тиесілі болмақ.